

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(Д. Мыңбай, А. Тасболатов)

2020 жылғы 30 қыркүйектегі
№ ДС-142

Құрметті депутаттар!

Сіздердің өнер саласында жоғары білікті кадрлар даярлауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта «мектеп – колледж – бакалавриат – магистратура – докторантура» деңгейлері бойынша өнер саласындағы мамандарды 4 мамандандырылған жоғары оқу орны (*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ ұлттық өнер университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы және Қазақ ұлттық хореография академиясы*) дайындайды. Сондай-ақ, «Өнер» бағыты бойынша кадрлар даярлау 59 ЖОО-да жүзеге асырылады.

Өнер саласындағы ғылымды дамытуға қатысты

Шығармашылық мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың өзіндік ерекшелігі бар екенін назарға ала отырып, өнер саласындағы білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметке педагогтер ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжірибесі бар өнер қайраткерлері де (*театрлар мен концерттік-филармониялық мекемелердің әртістері, киноиндустрия, телевидение, арт-менеджмент саласындағы мамандар, мұражай қызметкерлері және т.б., халық және еңбек сіңірген әртістер, еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары*) шақырылады. Олар жеке шығармашылық студиялар, шеберлік сыныптар, кәсіби шеберлік мектептерін ұйымдастырады.

Білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін шығармашылық жоғары оқу орындары жұмыс беруші ретінде әрекет ететін мәдениет және өнер мекемелерімен келісімдер мен шарттар жасасады, олардың шеңберінде білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі салаларында шығармашылық ынтымақтастық іске асырылады, білім беру бағдарламалары бірлесіп жасалады, шығармашылық іс-шаралар өткізіледі.

Мұндай практикалық тәжірибе өнер саласындағы білім беру ұйымдарына өндірісте кадрлар даярлауға және көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлерін тарта отырып тәлімгерлік институтын дамытуға дуалды оқытудың негізгі қағидаттарын енгізуге мүмкіндік береді.

Классикалық және дәстүрлі мектептердің өнертану саласындағы ғалымдардың, әсіресе жоғары оқу орындарындағы ғалымдар мен педагогтердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты

Ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету «Ғылым туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мысалы, 4-тарауда ғылыми қызметкерлерге еңбекақы төлеу, олардың еңбек демалысы, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуы және оларды әлеуметтік қорғаудың басқа шаралары заңнамалық түрде анықталған.

Ғалымдардың жұмысын ынталандыру үшін Парламент Мәжілісінде қаралып жатқан «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына «Үздік ғылыми қызметкер» атағын беру бойынша түзетулер енгізілді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін мемлекеттік білім беру грантының құны 900 мың теңгеге дейін ұлғайды. Мемлекеттік білім беру грантының құнын ұлғайту жоғары оқу орындарына оқытушылық профессорлық құрамы мен жоғары білім беру қызметкерлерінің жалақысын айтарлықтай арттыруға, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, кадрлық әлеуетті күшейтуге және жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын жаңартуға мүмкіндік береді.

ЖОО-ларды коммерциялық емес акционерлік қоғамдар етіп трансформациялау да ЖОО-лардың қаржылық ағындары мен пайда көздерін әртараптандыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды, бұл ОПК үшін әлеуметтік пакеттер ұсынуға, жоғары білім беру жүйесіндегі оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби дамуы үшін қаражат жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жас ғалымдарды қолдау мақсатында жыл сайын жас ғалымдар үшін ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған конкурстар өткізіледі.

Сонымен қатар, ғылым, техника, әдебиет және өнер қайраткерлеріне қолдау көрсету мақсатында ҚР Президентінің «Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника, Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлықтары туралы» 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығына сәйкес екі жылда бір рет әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы және Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы беріледі.

Құрметті атақтар мен мемлекеттік наградаларға ие болған шығармашыл қызметкерлерді және мәдениет қызметкерлерін, сондай-ақ ерекше дарынды жас шығармашыл қызметкерлерді мемлекеттік қолдау мақсатында оларға мәдениетті құруға, сақтауға және дамытуға қосқан зор үлесі үшін «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі № 369 Жарлығымен жыл сайын Елбасының мәдениет саласындағы стипендиясы тағайындалады.

Бұдан басқа, 2017 жылдан бастап жыл сайын талантты жастарды қолдау мақсатында жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметі үшін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы беріледі. Сыйлыққа ие болған адамдарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, диплом, төсбелгі және ақшалай сыйлық тапсырылады.

Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін жеңілдікпен кредит беру, оның ішінде ғылым және мәдениет қайраткерлеріне де тең құқықтар мен тең жағдайларда беру көзделеді.

2020 жылғы 1 шілдеден бастап «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жас отбасыларға арналған 6% мөлшерлемемен бастапқы және қайталама нарықтарда тұрғын үй сатып алу бойынша жаңа «Жас отбасы» бағдарламасын іске қосты.

Білім және ғылым министрлігі 2018 жылы жас ғалымдарға 43 жалдамалы пәтер бөлді, 2020 жылы 68 пәтер бөлу жоспарлануда.

Әлемдік талаптарға сәйкес ғылыми дәреже және қауымдастырылған лауазым беру мәселесі бойынша.

Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор)¹ беру қағидаларында өнер және сәулет саласындағы мамандарға ғылыми атақтар беруге қойылатын талаптарда өнер саласының ерекшеліктері ескерілген.

Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ адамдарға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үміткердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы ҚР Заңында көзделген құрметті атағының болуын, шығармашылық еңбектерінің болуын, халықаралық конкурстарда, көрмелерде, фестивальдарда, олимпиадаларда қазылар алқасына мүше болуын, ұжымды басқаруды, республикалық және халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың және т. б. жүлдегерлерін даярлауды көздейтін Қағидалардың 4-1 және 4-2-тармақшаларына сәйкес беріледі.

Бұл ретте өнер саласындағы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін² беру тәртібі Ғылыми дәрежелер беру қағидаларында айқындалады және мәдениет пен өнердің өзекті проблемаларына арналған ғылыми еңбек құруды көздейді.

Осыған байланысты, аталған қағидалар әлемдік талаптарды ескере отырып, ғылыми атақтар және дәрежелер беру тәртібін реттейді.

Зерттеу институттарындағы әдіснаманың ұлттық құндылықтарына жақындауға қатысты.

«Ғылым туралы» ҚР Заңының 23-бабына сәйкес Мәдениет және спорт министрлігіне ведомстволық бағынысты барлық мәдениет ұйымдары ғылыми

¹ 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрықпен бекітілген

² 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрықпен бекітілген

және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттеуден өтті.

Қазіргі уақытта әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер «Мәңгілік ел» ғылыми негіздерін гранттық қаржыландырудың жеке құрылған арнайы басым бағыты (*XXI ғасырдың білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулері*) шеңберінде қаржыландырылады.

Сондай-ақ, «Рухани Жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениетіндегі киелі кеңістік: дәстүрлер мен инновациялар» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде.

Аталған ғылыми жобалардың негізгі мақсаты – Қазақстанның киелі жерлерін, археологиялық ескерткіштерін, сондай-ақ олармен байланысты материалдық емес мәдени мұраның зияткерлік ортасын және археологияны зерттеу бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Қазақстан кеңістігінің киелі объектілерінің тарихы, дәстүрлері, оларды танымал ету тәжірибесі туралы нақты фактілерді зерделеу.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауына алынған.

Е. Тоғжанов